

ЖАРАЛЫ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ



Ақпан айы – еліміздің ардагерлері үшін ерекше маңызға ие. Бұл айда Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына және тәжік-ауған шекарасындағы қайғылы оқиғаларға байланысты маңызды даталар аталып өтеді. 1989 жылғы 15 ақпанда Кеңес әскері Ауғанстан жерінен шығарылса, 2001 жылғы 8 ақпанда «ҚР Жеке құрама атқыштар батальоны» тәжік-ауған шекарасынан шығарылды. Бұл оқиғалар тарих бетінде мәңгілікке таңбаланып қалды.

1979-1989 жылдар аралығында жалғасқан Ауғанстан соғысына Қазақстаннан 22 мыңға жуық жауынгер аттанып, олардың біразы туған жеріне қайта оралмады. Сол бір отты жылдардың жарасы әлі күнге дейін аналардың жүрегінде сыздайды. Өздерінің әскери борышын орындап, ерлікпен қаза тапқан сарбаздардың есімі ешқашан ұмытылмайды.

Биыл тәжік-ауған шекарасындағы Пшихавр шатқалында 1995 жылдың 7 сәуірінде орын алған қайғылы шайқасқа 30 жыл толады. Бес сағатқа созылған ұрыста 17 жауынгер қаза тауып, ондаған адам жарақат алды. Бұл шайқас "Жеке құрама атқыштар батальонының" ең ауыр кезеңдерінің бірі болды. Осы оқиғаның құрметіне еліміздің әр аймағында еске алу шаралары ұйымдастырылуда.

Осы атаулы күндерге орай еліміздің түкпір-түкпірінде ардагерлерге арналған іс-шаралар өткізілді. Алматы облысы Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының "Сұңқар" және "Жазық" бөлімшелерінде шекарашы-батыр Раджан Батрқановтың қаруластарымен кездесулер ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Іле ауданы Н.Тілендиев ауылындағы мектеп оқушылары үшін Р.Батрқанов туралы ерлік сабақтары өткізілді.

Абай облысы Мақаншы ауданындағы А.Найманбаев атындағы орта мектепте өткен ардагерлерге арналған жиынға запастағы аға сержант С.Калипанов шақырылды. Төлеби ауданы, Леңгір қаласының мәдениет сарайында концерттік бағдарламалар мен марапаттау рәсімдері өтті.

Сонымен қатар, Леңгір қаласында орна-



ласқан орталық саябақта кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 36 жыл толу патриоттық іс-шарасы ұымдастырылды. Шараға қала тұрғындарымен бірге Төле би ауданы бойынша шекара басқармасының шекарашылары атсалысты.


Жетісу облысы Қапал батыр ауылындағы Аққұм жалпы білім беретін мектебінде жасөспірімдер арасында қазақша күрестен облыстық біріншілік ұйымдастырылды. Шараға келген қонақтар мен ардагерлерге жылы лебіздер айтылып, алғыс білдірілді. Орал қаласындағы №20 мектеп оқушыларына Ауған соғысының ардагерлері Н.Бойков пен

И.Мошин ерлік сабақтарын өткізіп, құрмет белгісі ретінде гүл шоқтары қойылды.

Астанада тәжік-ауған шекарасында қаза болған 17 сарбаздың құрметіне арналған ескерткішке "Қазбат" жауынгерлік іс-қимылдар және бітімгершілік операциялар ардагерлері одағының өкілдері гүл шоқтарын қойды. Қарағанды қаласының Жеңіс саябағында да қаза тапқан жауынгерлерге тағзым жасалып, гүл шоқтары қойылды. Бұл рәсімді тәжік-ауған ардагерлері мен қалалық мәслихат депутаты Шүкіржан Құлжанбеков ұйымдастырды.

Жалғасы 5-бетте.

**«Қалқанмен»
танылған
«Қарғалы»**




2

**Көк
шебіндегі
бір күн**



7

**Шекара –
сенім мен
адалдықтың
мекені**



9

«ҚАЛҚАНМЕН» ТАНЫЛҒАН «ҚАРҒАЛЫ»

Жыр алыбы Жәкең-Жамбыл бабамыздың жерінде орналасқан «Қарғалы» шекара бөлімшесі – ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы қорытындысы бойынша үздік ұжым атанды.

Жауынгерлік даярлық жағынан мықтылық танытқан шекара бөлімшесіне жасаған журналистік сапар кезінде ең алдымен жеке құраммен кездесіп, өздерімен сұхбаттасуды жөн көрдік. Өйткені, олардың бөлімшеге келгендеріне көп уақыт өткен жоқ. «Күз-2024» шақырылымының сарбаздары. Сондықтан бұл күнде қалыптасу кезеңінен өтіп жатқан жас шекарашыларды сөзге тартып, жаңа орта туралы ойларымен бөлісіп, өздерін қызмет атқару кезінде суретке түсіруді мақсат тұтқан жайымыз бар.

Алдымен бөлімшенің ел шебіндегі қас-қағым, қарбаластан тұратын тыныс-тіршілігі жайында.



Қарғалылықтар өткен жылдың күзінде өткен бақылау-тексеру сынағынан сүрінбей өтіп, департаменттің бөлімшеаралық жарысында көш бастады. Тағы мұнда шекарашылардың ел шебіндегі қызметін баяндайтын «Қалқан» көп сериялы фильмі түсірілгені белгілі. Бір сөзбен, шекарашылар мен контрабандашылардың арасындағы ымырасыз күрес, қаруға жүгінетін текетірістен тұратын туынды арқылы «Қарғалы» шекара бөлімшесі – Отан қалқандарының ел шетіндегі қызығына қарағанда қиындығы басым түсетін өмірін көрсете білген...

Бұл туралы аталған шекара бөлімшесі бастығының орынбасары капитан Дәулет Ботабек бізбен сұхбатында былай дейді:

– Жалпы, 2024 жыл – біз үшін айтулы оқиғалармен есте қалды. Өзіміздің жауынгерлік даярлық жағынан мықты екенімізді көрсеттік. Жыл ішінде шекара режимін бұзған 50-ден астам азамат құрықталып, әкімшілік жаза арқалады. Инженерлік айлық кезінде де аз жұмыстар атқарылған жоқ. Соның арқасында біз департамент бойынша үшінші орынды жеңіп алдық. Тағы бір қуанышымыз, біздің ұжымнан қос шекарашы әріптесіміз үздіктердің қатарынан көрінді. Олар – бөлімше бастығының тәрбие



жұмыстары жөніндегі орынбасары аға лейтенант Мәди Баянбаев департамент бойынша «Үздік шекара бөлімшесі бастығының орынбасары» деген номинацияны жеңіп алды. Ал Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының «Үздік аға техникі» атағына бөлімшенің аға техникі аға сержант Ербұлан Калимбаев лайық деп танылды.

...Бұдан әрі біздің бөлімшедегі жұмысымыз қызу басталып кете барған. Ең алдымен сарбаздармен әңгімелестік. Бір қызығы, өздерін танитын болып шықты. Департаментке қарасты қос шекара басқармасының оқу базаларында жас жауынгерлер курсынан өтіп жатқан кездерінен бір-бірімізді білеміз. Әсіресе, араларындағы қатардағы жауынгер Темірлан Қабылтайтың актерлік қабілеті бар екені жадымызға жазылып қалыпты... Сондықтан бөлімшенің ақпарат және тәрбие жұмыстарына арналған бөлмесіне кіріп келген мені көріп, бейне бір ескі

таныстарын көргендей көңілденіп сала берген сарбаздармен әңгімеміз де бірден жарасып кете барған.

Жастар креативті болып келмей ме?! Менің осында фотосессия ұйымдастырғым келетінін ести салып, өздерінің ұсыныстарын жеткізгенше асыққан. Бірі шахматтан мықты екенін айтып, қаруластарын «шайқасқа» шақырса, екінші сарбаз гитараның құлағында ойнайды. Үшіншісі – өзі жақында тізгіндейтін «Уазигін» көрсеткісі келсе, төртінші жас әріптесімізді шекарашы аттың жанында суретке түсіретін болдық. Сонымен қатар, ішінде біздің роликке түсіп үлгерген «актеріміз» Темірлан бастаған бірнеше сарбаз бізбен бірге шекараға аттанады. Аға лейтенант М.Баянбаев бастаған нағыз шекара нарядына. Ал фотосессияны келген соң...

...Таудан құлап аққан өзеннің бойымен жоғары көтеріліп барамыз. Сарбаздардың қимылдары ширақ. Осыған қарап, олар

үшін қалыптасу мен қызметке тарту кезеңінің текке өтпегенін байқауға болады. Арасында бір биікке шығып, айналаны дүрбімен шолған сәттерін суретке түсірдік. Біздің қырағы назарымыз қағыс жібермеген өзге көріністер де аз болған жоқ.

Осылайша, шекараның қарбаласын өз бастарынан өткерген сарбаздарды таныстырайық. Олар – қатардағы жауынгерлер: Нұрас Жолдыбай, Айқын Сәмеке, Сәбит Вилориков және Темірлан Қабылтай. Өздерін тәжірибелі шекарашылардан кем көрсетпеген жас сарбаздар алдағы қызметке тас-түйін дайын!

Біз шекара бөлімшесіне осындай оймен оралдық. Ал мұнда бізді фотосессия күтіп тұр. Ал бұл туралы бөлек әңгіме!

**Әскери журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР».**

Суреттерді түсірген автор.



Қордай ауданының «Сортөбе» шекара бөлімшесі еліміздің шекараларын қорғау жолында маңызды рөл атқаратын бөлімшелердің бірі болып табылады. Бұл бөлімше шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін заманауи технологиялармен жабдықталған және кез-келген шекара қауіптеріне дайын.

«Сортөбе» шекара бөлімшесінің орналасқан жері жазық рельефте, бұл өз кезегінде шекара қызметкерлеріне кең ауқымды бақылау жүргізуге мүмкіндік береді. Бөлімшенің сарбаздары осы жазық аймақта шекаралық аймақты қауіпсіз сақтау үшін күнделікті аянбай шекарада қызмет етуде. Жазық рельеф шекарашыларға барлау және бақылау жұмыстарын тиімді атқаруға зор ықпал етеді.

Бөлімше аумағы заманауи бейнебақылау жүйесімен жабдықталған. Бұл жүйе шекаралық аймақтың әрбір метрін тәулік бойы бақылауға мүмкіндік береді. Бейнебақылау құралдарының арқасында шекарашылар кез келген күдікті әрекеттерді уақытында анықтап, бақылауды үздіксіз жүргізе алады. Шекара қызметкерлері бейнемониторинг арқылы маңызды ақпаратты жинап, сол негізде шаралар қабылдайды. Сонымен қатар, шекара бөлімшесінде орнатылған сигнализациялық кешен шекараға заңсыз өтуге

әрекет жасаған кезде бірден дабыл қағып, шекарашыларды хабардар етеді. Бұл жүйе шекара қызметкерлеріне қауіпті аймақтарды анықтауға және құқық бұзушылықтарды болдырмауға мүмкіндік береді. Сигнализациялық кешеннің көмегімен шекарашылар кез келген жағдайда дер кезінде жауап беру үшін сақтық шараларын қолданады.

Шекара бөлімшесінде қызмет ететін әскери қызметшілер жоғары кәсіби біліктілігімен ерекшеленеді. Олар шекаралық аймақта кез келген қиындыққа дайын және елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтауда үлкен жауапкершілікпен жұмыс істейді. Бөлімшенің заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілуі, оның қызметкерлерінің кәсіби шеберлігімен үйлесіп, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін арттырады.

«Сортөбе» шекара бөлімшесі өз жұмысын үйлесімді түрде атқарып, шекаралық аймақтың қауіпсіздігін жоғары деңгейде сақтауға мүмкіндік



береді. Шекара қызметінің тиімділігін арттыруда бейнебақылау жүйелері мен сигнализациялық кешендердің рөлі өте маңызды. Бөлімше қызметкерлері кез келген уақытта әрекет

етуге дайын болуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті құралдармен жабдықталған, бұл өз кезегінде шекараның қауіпсіздігін нығайтуға септігін тигізеді.



**Капитан
А.ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР».**
Сурет шекара бөлімшесінен.

Жібек жолынан бастау алған АЛТЫНКӨЛ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының «Алтынкөл» (темір жолдық) шекаралық бақылау бөлімінің іргетасы 2012 жылы қаланған. Жиырма төрт сағат үздіксіз жұмыс жасайтын өткізу пункті тәулік бойы жүк пойыздары мен жолаушыларды тексереді. Халықаралық дәрежедегі шекаралық бақылау бөлімі жүктік және жолаушылық теміржол өткізу пункті болып табылады.

Көне ғасырдан бері халықаралық маңызы бар ұлы Жібек жолының күре жолында тұрған шекарашылар қырағы қызметтерімен ерекше. Еліміздің экономикалық жағынан қарыштап дамуына едәуір үлесін қосып келе жатқан өткізу пункті - Батыс Қытай мен Батыс Еуропа жолын жалғастырып жатыр. Жауынгерлік қызметті ұйымдастыру бойынша шекарашылар ұжымы тәулігіне жүзге жуық жүк пойызы мен мыңнан астам жолаушыларды шекаралық бақылаудан өткізуге қабілетті.

Әскери ұжымға атауы берілген Алтынкөл - Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Қарақұм мен Мойынқұмдардың аралығында ерке толқыны жағаны соққан көл. Оңтүстік-шығысында он бес шақырымдай жерде Ават ауылы орналасқан. Ал екінші бір жағасында көрші елмен екі ортаны байланыстырған темір жол. Күнті түтіні будақтаған пойыз қара темірдің үстімен екі иінінен демін ала шекарадан кіріп келе жатады немесе керсінше бағытта кетіп барады.

«Алтынкөл» (теміржолдық)

шекаралық бақылау бөліміне подполковник Ержан Жанабеков басшылық жасайды. Ол ҚР ҰҚК Әскери институтын қызыл дипломмен аяқтаған түлек.



Жауынгерлік қызметте бірнеше рет шекарадан заңсыз өтпекші болған тұлғалардың жолдарын кескен алтынкөлдiктер 2022 жылғы қызметтік-жауынгерлік іс-әрекет пен әскери тәртіптің нәтижесі бойынша Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты шекаралық бақылау бөлімдерінің арасында бірінші орынға ие болды.

«Алтынкөл» (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімінің жеке құрамы жасөспірімдер арасында жоғары азаматтық белсенділікке, патриоттық бейімдеу, жеке тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында «Жас шекарашы» үйірмесінің іс-шараларын ұйымдастырады. Жергілікті мектептің жоғары сынып оқушыларына үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Ату дайындығы бойынша «АК-74» автоматы мен Макаров тапаншасын шашып-жинаудан жаттығулар жүргізеді. Оқушылармен жоғары әскери оқу орнына - ҚР ҰҚК Академиясының курсанты атануға үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастырады.

Мектептің әскери дайындық пәнінің мұғалімі Рүстем Сұлтанбековпен жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмысын бір ізге қойған.

«Алтынкөл» (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімі арқылы өтетін тауар айналымы жылдан жылға ұлғайып, еліміздің экономикасын көтеруге зор үлесін тигізуде. Атап айтсақ, өткізу пунктінен 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында жеті миллион тоннаға жуық жүк тасымалданса, өткен жылы салыстырмалы түрде осы кезеңде өткен тауар жеті миллионнан асып, 8%-ға ұлғайған.

Өткізу пунктінде жүктерді тексеру барысында контрабандалық және ілеспе құжаттары жоқ жүктер мен тауарлардың жолы кесілуде. Атап айтқанда, 2024 жылы жүк компаниялары мен жүк иелеріне айыппұл салу және әкімшілік жауапкершілікке тарту бойынша оннан аса дерек тіркелген.

Өткен жылы алтынкөлдiк ше-

кара сақшылары көрші елден келе жатқан транзиттік жүк пойызын тексереді. Сол күні «Жүктер мен көліктерді тексеру бойынша» шекара нарядында болған сержант Сәбит Оспанов алдын ала түскен ақпарат бойынша вагондарға тереңдетілген тексеру амалдарын жүргізеді. Нәтижесінде 80 000 ампула мөлшеріндегі ілеспе құжаты жоқ дәрілік заттар анықталады. Транзиттік бағытта жолға шыққан көліктен анықталған шығу тегі белгісіз дәрі-дәрмектер жөнінде құзырлы органдар хабарланады.

Қырағы қызметтерінің арқасында маңдайалды атанған «Алтынкөл» (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімің әскери ұжымы сеніп тапсырылған лауазымдық міндеттерін жоғары дәрежеде орындауда.



Подполковник М.ҚАРЕКЕНОВ, «ОС-ЧР». Суреттер шекаралық бөлімінен.

ЖИЗНЬ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ

НЕВИДИМЫЕ СТРАЖИ ГРАНИЦЫ

Отделение пограничного контроля «Жана Жол» (автомобильное) – это не просто место пересечения границы. Здесь, на тонкой линии, разделяющей государства, время замедляет свой бег, растягиваясь в бесконечную череду ожиданий, проверок и случайных встреч. В центре этого процесса – военнослужащие пограничного отделения – невидимые стражи, которые каждый день стоят на передовой, обеспечивая безопасность и порядок на границе.

Их работа – это не только досмотр транспортных средств и грузов, а также проверка документов и лиц, пересекающих Государственную границу Республики Казахстан. Это кропотливый анализ информации, быстрое принятие решений, способность распознать ложь и предотвратить незаконное пересечение границы. Они встречают тысячи людей ежедневно – туристов, водителей-дальнобойщиков, бизнесменов, и каждого из них необходимо тщательно проверить, соблюдая при этом баланс между эффективностью и вежливостью.

По итогам прошлого года благодаря бдительности пограничников, их профессионализму и преданности делу, было задержано три нарушителя государственной границы, пресечено два факта провоза наркотических веществ, выявлено 3 оружия и 39 боеприпасов.

Как и другие пункты пропуска, «Жана Жол» (автомобильное) оснащен современными технологиями –



сканерами, системой видеонаблюдения, специальными техническими средствами пограничного контроля. Это позволяет им быстрее и эффективнее обрабатывать информацию, обнаруживать недействительные и поддельные документы, а также предотвращать попытку провоза запрещенных предметов и материалов. Однако специальные технические средства – лишь инструмент в руках опытного пограничника. Ключевым фактором остается человеческий фактор – интуиция, наблюдательность и способность анализировать мелкие детали.

15 сентября 2024 года не отличалось ничем особенным, пока на паспортный контроль не подошла 13-летняя девочка-подросток, следовавшая в пешем порядке на выезд из Казахстана со своей «тетей» – гражданкой Российской Федерации. В ходе проверки документов по ведомственной базе данных, установлен факт отсутствия

въезда несовершеннолетнего ребенка в Казахстан. На поставленные вопросы пограничников, девочка отвечала на цыганском языке, под контролем сопровождающей ее женщины. Установочных данных по предъявленному свидетельству о рождении гражданки России не знала, отвечала только после разговора с «тетей».

Сработавшая у младшего сержанта Нурбека Сатенова интуиция помогла предотвратить факт выезда несовершеннолетнего ребенка по чужому документу. Пограничники выяснили, что гражданка Российской Федерации была признана виновной в совершении уголовного правонарушения, предусмотренного статьей 394 ч.1 УК РК «Организация незаконной миграции». В ходе разбирательства, несовершеннолетний ребенок был возвращен родителям – гражданам Республики Казахстан, проживающим в Мамлютском районе Северо-Казахстанской области.

Служба пограничников отделения пограничного контроля «Жана Жол» (автомобильное) – это не только напряженная работа, но и чувство ответственности за безопасность граждан своей страны. Это работа, требующая силы воли, терпения и высокой степени профессионализма. Это невидимая сторона нашей безопасности, которая ежедневно выполняется доблестными военнослужащими отделения пограничного контроля «Жана Жол» (автомобильное).



Майор Д. УТЕБАЕВА, «ОС-ЧР». Фото из подразделения.

МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРА – ел қауіпсіздігінің басты тірегі

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қорғау – мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі. Бұл бағытта Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі маңызды рөл атқарады. Шекара қызметінің тиімділігі мен сенімділігі ең алдымен білікті мамандарға байланысты.

Осы мақсатта 2025 жылдың 14 қаңтарынан бастап 1 ақпанға дейін Шекара қызметі БҚО бойынша департаментінің базасында “бақылаушыларды даярлау және

базалық біліктілікті арттыру” курстары өткізілді.

Курстарға Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Атырау облыстарының шекаралық бақылау

құрылымдық бөлімшелерінің бақылаушылар құрамы қатысты. Жалпы саны 110 оқу сағатын қамтыған дайындыққа 19 әскери қызметші жұмылдырылды.

Батыс Қазақстан облысы бойынша – 9 әскери қызметші, Ақтөбе және Атырау облыстары бойынша бес әскери қызметшіден өз білімдерін шыңдады.

Қазіргі таңда Шекара қызметінің шекаралық бақылау жүйесін жетілдіру бойынша бірқатар маңызды қадамдар жасап келеді. Мемлекетіміздің ұзақ шекарасы бар, бұл оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету-



де жоғары жауапкершілікті талап етеді. Бұл курстар шекарашылардың кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған, нәтижесінде олар шекара режимін бұзу әрекеттерін анықтауда және алдын алуда біліктілігін арттырады.

Курстардың басында және соңында арнайы тестілеу жүргізілді. Бастапқы кезеңде бақылаушылардың білім деңгейі анықталса, оқу соңында олардың зерттелген материалды меңгеру деңгейі тексерілді. Бұл жүйе шекарашылардың білім сапасын нақты бағалауға мүмкіндік берді.

Мемлекеттің қауіпсіздігі жолында қызмет етіп жүрген шекарашылар үлкен жауапкершілікті арқалайды. Шекара қызметінде

тәртіп пен жоғары кәсібилік маңызды рөл атқарады. Дайындықтан өткен әскери қызметшілер өздерінің шеберлігін шыңдап қана қоймай, ел тыныштығын күзету жолында маңызды тәжірибе жинақтады.

Осылайша, ҚР ҰҚК Шекара қызметі БҚО департаменті бойынша өткізген бұл курстар еліміздің шекара қызметінің дамуына үлкен үлес қосты. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасып, Қазақстанның шекара қауіпсіздігін нығайтуға септігін тигізбек.



**Аға лейтенант
А.КӨЛБАЙ,
«OS-ЧР».
Суреттерді
түсірген автор.**



2025 жылдың 27 қаңтары мен 1 ақпаны аралығында Жамбыл облысының Тұрар Рұсқылов ауылында 42062 әскери бөлімінің оқу базасында ҰҚК ШҚ Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты механик-жүргізуші мамандарының кәсіби шеберліктерін шыңдауға бағытталған арнайы оқу-жаттығу жиыны өтті.



Әскери техниканы тексеру, сабақтарға қатысу – барлығы қатаң белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылды. Дайындықтың негізгі мақсаты – механик-жүргізушілердің жаяу әскер жауынгерлік машинасын басқарудағы шеберлігін арттыру. Оқу-жаттығу сабақтарын подполковник Борис Соловьев жүргізді. Ол механик-жүргізушілерге жаяу әскер жауынгерлік машинасы техникасын күрделі жағдайларда басқару тәсілдерін үйретіп, әскери техниканың мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдаланудың әдістерін түсіндірді.

Практикалық сабақтар арнайы оқу-жаттығу алаңында және ЖЭЖМ-2 тренажерларының көмегімен өткізілді. Заманауи тренажерлар жауынгерлік машинаның шынайы қозғалысын дәлме-дәл қайталап, әскери ахуалға толықтай енуге мүмкіндік берді. Осының арқасында қатысушылар шынайы қауіпсіздік жағдайында техниканы басқарудың барлық элементтерін пысықтады. Жаттығулар барысында жауынгерлік машинаны ойлы-қырлы жерлер-

де жүргізу, әртүрлі кедергілерден өту, қарсыластың шартты атыс аймағынан қауіпсіз шығу, маневр жасау сияқты күрделі жаттығулар орындалды.

Жаттығу соңында шекара қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттыруға, әскери техниканы басқару дағдыларын жетілдіруге және еліміздің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жауапкершілігін нығайтуға жиынның қосар үлесі зор болатынына сенімдіміз.

Мұндай дайындықтар шекара қызметінде қызмет ететін әскери мамандардың кәсіби деңгейін арттыруда маңызды рөл атқарады. Шекарадағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету – үлкен жауапкершілік жүктейтін міндет, ал осындай оқу-жаттығулар жауынгерлердің өздеріне сенімділігін арттырып, кез келген жағдайға дайын болуына ықпал етеді.

**Капитан А.ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР».
Суреттерді түсірген
подполковник
Б.Соловьев**

МЕХАНИК-ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҚ БЕЛЕСІ



«...ШЫНЖЫР ТАБАНДЫ ТРАНСПОРТЕР МАМАНЫ – МЕМЛЕКЕТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ!»



**ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті
Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің шынжыр табанды транспортер
мамандарымен оқу жиыны өтті.**

Алакөлдiк шекарашылардың жауынгерлiк қызметi үнемі ширақ, шекара шебiн күзетуге шыққан наряды қырағы. Ал әскери дайындығы үздіксіз жалғасуда. Бұл жолы аталған басқарма республикалық деңгейде өткен кезектi оқу-жаттығу жиынында еліміздің әр аймағынан келген мамандардың басын қосты. ҚР ҰҚК Шекара қызметінің шынжыр табанды транспортер мамандары шекара аймағындағы танкодромда көліктерді меңгерудің қыр-сырын тағы бір мәрте пысықтады. Мұндай шара шекараның берiктiгiн қамтамасыз етудің негiзгi баспалдағы болып табылады.

Түнгі оқу-жаттығу ерекше сақтықты талап етеді. Шынжыр табанды транспортерлер қараңғыда қозғалудағы дағдыларын көтерді. Сонымен қатар, 100 шақырымдық «МАРШ» маршрутын да бағындырды. Бұл тек әскери техниканы жүргізудің шеберлігі ғана емес, үлкен төзімділікті талап ететін машықтану шарасы еді. Табиғаттың қатал мінезі

шекарашыларды ешқашан тоқтатқан емес. Олар ауа райына қарамастан, ел іргесін күзетудегі міндеттерін қалтқысыз атқарады.

Шынжыр табанды транспортер – шекарашылар үшін таптырмас көлік. Ол кез келген қиын жолды еңсеруге - батпақ пен қарлы даланы, таулы асуларды бағындыруға мүмкіндік береді. Мұндай техниканы басқару оңай емес. Оны жүргізу үшін жоғары деңгейлі машық пен үлкен жауапкершілік қажет. Әрбір транспортер маманы көліктің тетіктерін жетік меңгеріп, төтенше жағдайларда оны дұрыс басқара білуі тиіс. Себебі шекара күзеті – бұл тек қырағылық емес, сонымен қатар сенімді техника мен оны шебер басқара алатын кәсіби мамандардың еңбегі.

Жиын барысында Алматы облысы Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының, Абай облысының Семей, Мақаншы аудандары бойынша шекара басқармаларының, Шығыс Қазақстан облысының Зайсан және Күр-

шім аудандары бойынша шекара басқармаларының, сонымен қатар Панфилов, Алакөл аудандары бойынша шекара басқармаларының әскери қызметшілері қатысты.

Олардың бұл жолғы шеберліктерін арттырған жаттығулары жай ғана машықтану емес, нағыз жауынгерлік қызметке тәжірибе жинақтау мүмкіндігі болды. Жиын барысында мамандар тек білім алып қана қоймай, нақты жауынгерлік жағдайларда қажет болатын тәжірибелерін жетілдірді. Оқуда қиын болса, шынайы қызметте жеңіл болатыны анық.

Жиынды тәжірибелі мамандар басқарды. Полковник Жекебай Байсахановтың жетекшілігімен, аға оқытушы подполковник Досан Сәкенов пен майор Дулат Абилхасовтың бағыттауымен әскери қызметшілер жауынгерлік дайындықтың жаңа деңгейіне көтерілді. Олардың әрбір үйреткен әдісі шекарашылар үшін баға жетпес сабақ болды.

Жиын соңында қатысушылар ұйым-

дастырушыларға шексіз алғыстарын білдіріп, жоғары деңгейдегі дайындықтың маңыздылығын атап өтті. Шекарашылар өздерінің кәсіби дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен жауапкершілік арқалап отырғандарын сезінді.

Шекара күзеті – жай ғана әскери қызмет емес, бұл – Отан алдындағы адалдық. Түнгі суық, қарлы боран, аптап ыстық – шекарашылар үшін бәрі де қалыпты жағдай. Олар елдің тыныштығын қорғап, шекара шебінде сенімді қалқан бола біледі. Әрбір шынжыр табанды транспортер маманы – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі. Олардың жанқиярлық еңбегі мен батылдығы - шекара шебіндегі берік қамал іспеттес. Ел іргесі осындай майталмандардың арқасында берік күзетілуде!

**Подполковник
М.ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР».**

Суреттер шекара басқармасынан.

ТАҒЫМ

ЖАРАЛЫ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ




Басы 1-бетте.

14 ақпанда Зайсан қаласының спорт көшенінде Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 36 жыл толуына орай Зайсан аудандық шекара басқармасының бөлім және бөлімшелері арасында шағын футболдан турнир өтті.

Сондай-ақ, осы күні Шекара қызметінің орталық аппаратында ардагерлерге арналған мәдени іс-шара өтті. Әскери-патриоттық қызмет басқармасы ансамблінің орындауындағы "Ауғанстан", "Виват Шурави", "Посвящение офицерам", "Обязательно вернусь", "Естелік", "Таджикистан – второй Афган", "Жауынгер" атты өндер ардагерлердің жүрегіне терең әсер қалдырды.

Жүргізілген тағзым шаралары жастарға патриоттық тәрбие берудің, ел үшін қызмет етудің маңыздылығын түсіндіруге зор ықпал етеді. Ардагерлердің ерлігі тек өткеннің естелігі ғана емес, сонымен қатар, қазіргі ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталуы тиіс. Өскелең ұрпақ батыр бабаларының өнегесін үлгі етіп, ел қорғаны болуға дайын болуы қажет.



**Майор Ж. КЕМЕЛ,
«OS-ЧР», Суреттер
шекара бөлімшелерінен.**

ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМ МЕН БҮГІНГІ КҮННІҢ МАҢЫЗЫ

2025 жылы Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 80 жыл толады. Бұл дата әлемнің көптеген елдері үшін маңызы зор, әсіресе кеңес одағының құрамында болған, сонымен қатар, бүгінде тәуелсіздігін алып, өзінің елдік тұтастығын сақтаған Қазақстан үшін де ерекше орынға ие. Соғыс жылдарында қазақ халқының көптеген батыр ұлдары мен қыздары майданда өз ерліктерін көрсетіп, қанды қақтығыстарда жеңіс үшін күрескен еді. Сол батырлардың арасында шекара қызметі өкілдерінің ерліктері айрықша көзге түседі. Шекарашылар тек Отанның шекарасын қорғап қана қоймай, сол уақытта елдің тыныштығын сақтауға, жауға қарсы күресуге өз үлестерін қосты.



ерекше маңызды болды, себебі Ауғанстаннан өтетін жол арқылы жаудың үлкен күштері өтетін еді.

Шекара қызметінің жауынгерлері шекара күзетімен қатар, майданда да ерлік көрсетті. Мысалы, 1942 жылы майданда көрсеткен ерлігі үшін шекарашы Нұркен Әбдіқұлов Кеңес Одағының Батыры атағын алған. Ол шекараны қорғау және жауды тойтару барысында көптеп жаудың күшін жойып, елдің қауіпсіздігін сақтауға үлкен үлес қосты. Сонымен қатар, майдандағы шекарашы Батырлар арасында Тәжікстан шекарасында қызмет еткен шекарашы Хамит Мұсабаев та болды. Ол да ерлікпен жауды қарсы алып, өз бөлімшесінің құрамымен бірнеше рет шабуылға ұшыраған жаудың басым күшін тоқтатып, маңызды стратегиялық позицияларды ұстап тұрған.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін Қазақстанның шекара қызметі өзінің майдандағы үлесін көрсету үшін елі де көптеген ерлік көрсетті. Жауынгерлердің елге оралуы мен соғыстан кейінгі кезеңде шекара қызметінің басты міндеті – елдің шекараларын қорғап, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды. Соғыстың салдары ауыр болғанымен, шекара қызметі қайтадан өзіне жүктелген міндетті адал атқарып, еліміздің тыныштығын сақтады. 1945-1950 жылдар аралығында шекара қызметінің бөлімдері шекараларды күзетуге қайта кірісіп, қазақстандық шекаралардың қорғанысын нығайтты.

Ұлы Отан соғысының 80 жылдығы қарсаңында шекара қызметінің ұрпақтары, бүгінгі қызметкерлері мен ардагерлері сол ерліктерді ұлықтауда

үлкен маңызға ие. Бүгінде Қазақстан шекара қызметі – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын құрылымдардың бірі. Қазіргі шекарашылар да өткеннің ерліктерін ұмытпай, өздерінің Отанға деген адал қызметін жалғастыруда. Олар елдің тыныштығын қамтамасыз ету жолында күресуде, халықаралық шекараларды сақтап, түрлі қауіптерден қорғайды.

Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарында шекара қызметі еліміздің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қорғау үшін жауапкершілікті арттыра отырып, шекара күзетін заманауи технологиялармен және кәсіби деңгейде жүзеге асыруда. Шекара қызметі елдің тыныштығын сақтап, елді қорғау жолында үлкен еңбек атқаруда.

Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай шекарашылардың ерлігін еске алу – әрбір қазақстандық үшін маңызды шара. Бұл мақалада көрсетілген нақты фактілер мен цифрлар шекара қызметінің майдандағы ерліктерін және олардың бейбіт уақыттағы маңыздылығын дәлелдейді. Шекарашылардың ерлігі еліміздің тарихында мәңгі қалары сөзсіз. Қазіргі таңда шекара қызметі өзінің жоғары кәсіби деңгейін сақтай отырып, Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етуде.



Майор
А. МУХАНОВ,
«ОС-ЧР». Суреттер
ғаламтор
желісінен.



Ұлы Отан соғысы кезінде шекара қызметінің бөлімдері тек шекараны қорғаумен ғана шектелген жоқ. Олар сонымен қатар, майданға қатысты маңызды ақпараттарды жинау, барлау жүргізу және ең бастысы, шекара аймақтарын жаудан қорғауда маңызды рөл атқарды. Соғыс басталған кезде, шекара қызметі Кеңес Одағының барлық шекараларын үлкен жауапкершілікпен күзетті. Сонымен қатар, сол кезде Тәжікстан мен Ауғанстан шекарасында шекара қызметінің бөлімшелері ерекше рөл атқарды.

Шекара қызметінің негізгі міндеттері ішінде:

- Шекара аймақтарын қорғау, елдің аумағына заңсыз кірген жау әскерлерінің қозғалысын анықтау;

- Жау әскерлеріне қарсы барлау жүргізу және дұшпандардың қозғалысы туралы маңызды ақпараттарды жинақтау;

- Елдің ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік шекараның барлық аймағында тұрақтылықты сақтау болды.

Ұлы Отан соғысы басталған кезде, шекара қызметінің жауынгерлері алғашқылардың бірі болып майданға аттанып, елдің шекараларын қорғау үшін жанқиярлықпен күрескен еді. Қазақстандық шекара қызметінің батырлары өзінің Отан алдындағы борышын адал атқарып, көптеген соғыстарға қатысып, Кеңес Одағының қорғанысын нығайтты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанның шекара қызметіне мыңдаған жауынгер мен офицерлер қатысқан. Тек Қазақстаннан шыққан шекара қызметінің бөлімдері мен жасақтары 25 000-нан астам жауынгерлік құраммен майданға аттанды. Олар шекара шебінде

ғана емес, майданның алдыңғы шебінде де ерлік көрсетіп, көптеген қиын жағдайларда жаудың шабуылын тоқтатқан. Қазақстандық шекарашылардың 6 000-нан астамы Кеңес Одағының Батырлары, түрлі ордендермен және медальдармен марапатталған.

Шекара қызметінің маңызды барлау операциялары:

Шекара қызметі соғыс кезінде тек қорғаныс қызметін ғана атқарып қойған жоқ. Олар көп жағдайда барлау жұмыстарын жүргізіп, жаудың әрбір қозғалысы туралы ақпарат жинады. 1941-1945 жылдар аралығында шекарашылар жалпы саны 4 000-нан астам барлау операциясын жүзеге асырып, сол арқылы жаудың жоспарларын алдын ала білуге мүмкіндік берді. Бұл ақпараттар Кеңес әскерлерінің соғыста жеңіске жетуіне үлкен ықпал етті. Соның ішінде Тәжік-ауған шекарасында жүргізілген барлау операциялары



КӨК ШЕБІНДЕГІ БІР КҮН

Шымкентте кәдуілгі жұмыс күнінің бірі. Департаменттің бас тәлімгері Дулат Болатұлының қызметтік жиналысындамыз. Өзімнің жұмыс бағытыма қатысты көлемді тапсырмалар алдым, әлбетте кезек күттірмей орындауға тиісті жұмыстар. Оңтайлы сәтте орнымнан тұрып шекара шебімен ұшатын МИ-8 тікұшағымен қызметтік ұшуға барғым келетінін, рұқсат беруін өтіндім. Ол кісі қарсы болмады, өзіне тән әзілқойлығымен тікұшақтың артқы бөлігіне отыр, сол жақта «мүмкіндік» көбірек болады деді күлімдеп. Үшаралдағы эскадрильяда қызмет еткен басшымның маған деген қамқорлығына тәнті болған мен ішімнен «әуежайды» ойша шарлап кеттім...



жұмыс жасайды, себебі тікұшақ шекара бойын барлап ұшады.

Түйіспе орынға жеткен кезде барлығымыз да оймақтай терезенің алдына жинала қалдық. Топ жетекшісі қолымен нұсқаған нысандарды аса дәлдікпен түсіріп жатырмын, винті тоқтаусыз айналатын тікұшақтың іші даңғаза болып тұр. Мемлекеттік шекара бойы мүлгіген тыныштық... Ара-тұра қой, сиыр баққан малшылар кезігеді. Майор Евгений

Владимировичтің айтуынша тікұшақ шекара бойымен 600-700 метр биіктікте 200 шақырым жылдамдықпен жүйткісе, ал елді мекендердің үстінен 100 метр биіктікте ұшады екен. Не де болса әуелі Құдай, сосын ұшқыштардың икемділігімен шекара бойын патрульдеу жұмыстары ойдағыдай өтті. Күн аязды уақытта жолға шыққан біздер жер еріп, мұздықтар буланып жатқан сәтте қалаға қайта оралдық.

Шынтуайтында шекара шебінде жүру әркімге бұйырмайтын бақ екендігін көңілге ерекше түйдім. Өзіме газетке беретін бір материал, бір бейнероликтік жүк жинадым. Әуежайдан түсе сала Төлеби ауданы бойынша шекара басқармасының бір шекара бөлімшесіне кенеттен тексеру жұмыстарын жүргізуге бет алмақшымыз. Жолбасшымыз Қуат Армияұлы «Рауан, сен дайындал!» деді. Оның мына қарқынымен шекара бөлімшесінің артқы бөлігінен кіріп алдыңғы бөлігінен шығатын түріміз бар. Ұлты өзбек апаның дайындаған самса мен қою қара шәйін теріміз жіпсіп отырып ішкен біз белгілі бір бөлімшені бетке алып жолға шықтық...

Майор Р. НҰРМЕТ,
«OS-ЧР».
Суреттерді түсірген автор.

Шекара шебінде әскери қызмет өткеріп жүрген сарбаз, сержант пен офицердің полковник Қуат Станбековті танымауы мүмкін емес. Білетіндер мінезі тұп-тура қарағайға қарсы біткен бұтақ секілді деседі. Жалпы бірге бір департаментте қызмет етіп жүргенімізбен, шекара шебін бойлай ұшып көрмептік. Не де болса бүгін Қуат Армияұлын жаңа қырынан көреміз деп ой түйген мен қызметтік көліктің артқы бөлігіне жайғастым. Бағытымыз Шымкент қалалық әуежайы.

Сонымен майор Евгений Зубцов тізгіндеген МИ-8 тікұшағымен «Шымкент—Орынбай—Арнасай—Шымкент» бағытындағы шекараны әуеден патрульдеу жұмысына атсалыспақшымыз.

Жеке құрам түгел қаруланған, борт командирі әскери журналист екендігімді ескеріп тікұшақ ішінде жүріп-тұруыма рұқсат берді. «Nikon» ныспылы фотоаппаратымды құшақтаған мен оңтайлы сәтті жіберместен фотоға түсіруге бекініп отырмын. Өне топ жетекшісі Қуат Армияұлының «тездетіндер» деп айғайлаған дауысы да естілді. Зымырап жүріп бортқа да ендік. Қала әуежайынан ептеп қимылдаған тікұшақ бірқалыпты темппен құмды өлкеге енді. Қазір қызықтың көкесі басталады. Шекара шебіндегі қарақұйрықтар иен даланы бетке алып жүйткісе, шекара нарядтары борттың жолын тосады. Бүгінгі күні екі жақтың да шекара нарядтары күшейтілген режимде



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

Еңбек адамы — қоғамның негізі, тіршіліктің тірегі. Оның еңбегі арқылы әлемге жаңа құндылықтар, идеялар мен жетістіктер келеді. Еңбек адамы — қарапайым ғана жұмысшыдан бастап, ғалым, өнертапқыш, ұстаз, дәрігер секілді әр түрлі мамандық иелеріне дейінгі кең ауқымды тұлға. Олар өздерінің қажырлы еңбегімен, талантымен және білімімен қоғамды алға жетелейді.

Осы орайда, мақаламыздың келесі кейіпкері ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің қызметшісі Ербол Егізбаев туралы болмақ. Ербол ағаның өмір жолы мен қызметі шекара қорғау саласындағы адал еңбектің жарқын үлгісі болып табылады. Оның әскери қызметке келуіне туған інісі себепкер болған. Қызметші Ербол Жолдасұлы әскери қызметшілер отбасында өскендіктен әскери ұжымда қызмет ету оның

армандарының бірі болған. Е.Егізбаев 2004 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің 2019 әскери бөліміне жұмысқа орналасқан. Осы уақыттан бастап, ол шекара қызметіне адал еңбегімен және кәсібилігімен танылып, қызметін табандылықпен жалғастырып келеді. Ол қызмет барысында көптеген жауапты міндеттерді орындап, шекара күзетінің тиімділігін арттыруға үлес қосқан. Оның жұмысы тек

кәсіби дағдыларымен ғана емес, сонымен қатар командалық жұмысқа, тәртіпке және жауапкершілікке деген жоғары талаптарымен ерекшеленеді. Шекара қызметіндегі еңбек жолы оның патриоттық сезімін, Отанға деген сүйіспеншілігі мен адалдығын арттырды десек те болады. Ол әрқашан өз міндеттерін орындауда жоғары стандарттарды ұстанып, жас қызметкерлерге үлгі болып келеді.

Отбасындағы үш баланың әкесі ретінде, ол балаларын тәрбиелеуде әскери тәртіп пен жауапкершілікті басшылыққа алады. Ортаншы ұлы Сұлтан да шекара бөлімшесінде қызмет етеді, осылайша отбасылық дәстүр жалғасын табуда. Қызметші Е.Егізбаевтың пікірінше, ұлының осы жолды таңдауы — дұрыс шешім, себебі әскери қызмет — патриотизм мен ел қорғаудың жарқын үлгісі. Қазіргі уақытта ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті жылыту шаруашылығының бастығы қызметші Е.Егізбаев жауапты міндеттерді атқарып, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өзіндік үлесін қосып жүр.

Осылайша, Ербол Жолдасұлының өмірі мен қызметі шекараны қорғау саласындағы адал еңбектің, отаншылдықтың және әскери дәстүрлердің жарқын мысалы болып табылады.



Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.



ҚҰРЫШТАЙ ШЫНЫҚҚАН...



Бізге сұхбат беруге ықыластана келіскен жас офицердің өзі де шекара аймағынан екен. Алматы облысының Кеген ауданына қарасты Қарқара ауылынан. Мұнда ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты шекара бөлімшелерінің бірі қазақ-қырғыз шекарасын күзетіп келе жатқанына он жылдан асып барады.

шесі бастығының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары болып тағайындалады.

...Әлі есте, Сырым қызмет атқарған шекара бөлімшесінің аумағында қызыл сарқырама болатын. Өзі де анау-мынау сарқырамаңыздан кем емес. Бір қызығы, биіктен құлап аққан судың сұлулығын сіз төменнен емес, керісінше жоғарыдан тамашалар едіңіз... Дәл қасына келіп. Әсіресе жаз айларындағы естен кетпес тамаша көрініс!..

мұнда таң емес. Мұндайлар күн сайын шекарашылардың құрығына топырлап түседі де жатады.

Міне, өзінің ел шебіндегі алғашқы қызметін осындай ортада бастаған Сырым бір жылдан кейін көрші орналасқан халықаралық «Жібек жолы» шекаралық бақылау бөліміне аға бақылаушы болып барады.

— Капитан мырза, өзіңіз айтқан қос ұжымның атауы бір болғанымен, атқаратын қызметі бір-біріне ұқсамайды. Бірі — инженерлік сым тартылған шекараны кү-

Бауыржан Момышұлының «Жаттығуда көп тер төксең, ұрыста қиналмайсың» деген нақылы бар емес пе? Сол секілді, әсіресе «Жібек жолы» шекаралық бақылау бөлімінен кейін мен үшін кез келген ортадағы қызмет ауыр болудан қалып еді, — дейді капитан С.Байжұма.

Осылай деп ағынан жарылған офицер 2023 жылдың тамызында Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының шекара күзеті бөлімінің аға офицері болып тағайындалғанға дейін Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының «Жуантөбе», «Бірлік» шекара бөлімшелерінде қызмет етеді. Обалы нешік, мұнда да 3 мемлекеттік шекара бұзушыны ұстап, шекара режимін бұзған 100-ден астам адамды құрықтауға қатысады.

...Ал қазіргі қызметі. Капитан С.Байжұманың міндетіне — шекара бойын ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппаратымен барлау секілді маңызды міндет кіреді. Осы үшін өткен жылдың қаңтар-ақпан айында Тараз қаласындағы ҚР Қорғаныс министрлігі ұйымдастырған арнайы курсқа қатысып, білімін шыңдап қайтты. Сондай-ақ, «Солидарность», «Шекара тәртібі — 2024» шекаралық операцияларын ұйымдастырып, өткізуге белсене атсалысқаны үшін департамент бастығы полковник Ә.Каюповтың грамотасымен марапатталды.

Міне, қазақ-қырғыз шекарасының бойында дүниеге келіп, болашағын туған елінің шетін күзетуге арнауға шешкен офицер туралы әзірге айтарымыз осы. Ең бастысы, ол өзін мықты офицерлердің бірі екенін көрсетіп үлгерді. Ал бұған біз жоғарыда айтып өткен «ыстық нүктенің» тигізген көмегі ересен болғаны анық.

Құрыштың қалай шыныққанын, осыған қарап біле беріңіз!

Өзімді осындай ортада сынап көргім келді. Қолбасшы Бауыржан Момышұлының «Жаттығуда көп тер төксең, ұрыста қиналмайсың» деген нақылы бар емес пе? Сол секілді, әсіресе «Жібек жолы» шекаралық бақылау бөлімінен кейін мен үшін кез келген ортадағы қызмет ауыр болудан қалып еді

Ал қызметі. Бұл да күркіреген дауысы біраз жерге жететін сарқырама секілді. Қауырт. Сосын да біз Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының қызметін «ыстық нүктеге» бекер теңеген жоқпыз. Мемлекеттік шекараны бұзу, шекара режимін бұзу секілді оқиғалар

зетсе, екіншісі — күніне жүздеген жолаушыны шекарадан тексеріп өткізеді, — дедік айтпағымыздың астарында көпмәнділік бар екенін танытып.

— Иә, дұрыс айтасыз. Екеуінің де қызметі ауыр. Осыны білгендіктен де өзімді осындай ортада сынап көргім келді. Қолбасшы

САРБАЗ СЫРЫ

Таңдауы — шекара

Арманы — шекарашы болу. Жоқ, бұл — азаматтық борышын Шекара қызметінің сапында өтеу, сонымен бітті дегенді білдірмейді. Жас жігіт өзінің болашағын шекарамен түбегейлі етіп байланыстырғысы келеді. Біз елең ете қалдық. Сосын жас сарбазбен ағынан жарыла әңгімелесуге тілек білдірдік.

Бұл — ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының «Қарғалы» шекара бөлімшесінің аспазшысы қатардағы жауынгер Сәбит Виловиков. Өзі байырғы шекаралық өңірлердің бірі Жаркент қаласында дүниеге келіпті. Мектепті бітіре салып, әскерге сұранған көрінеді.

— Жарайсың Сәбит, бұл қадамың құптарлық екен. Дегенмен бізге мынаны айтшы, шекарашы болу — саған бала кезіңнен ұнайтын көрінеді. Ендеше, мектептен кейін неге бірден шекарашылардың оқуына тапсырмадың?, — деп сұрадық.

Біздің қарсы алдымызда отырған сарбаз әдемі жымиды. Сосын:

— Шынымды айтсам, мен келісімшарт негізінде қызмет атқарғым келеді. Осы үшін әскерге сұрандым. Мерзімді қызметім аяқталған соң әскерде қалу үшін. Ал қалғанын уақытында көре жатармын. Жаспың, өмірім алда, — деді ол.

Сәбит дұрыс айтып тұр еді. Әскери өмірдің нағыз өткелінен өту — ер азаматқа сын.

— Ал енді әскерге келген кездегі әсеріңмен бөліссең? — дедік әңгімемізді әрі қарай жалғастырғымыз келіп.

— Негізі, мен әскерге Қонаев қаласынан алындым. Медициналық тексеру өткен 50 жігіттің тек 18-і ғана шекарашылар сапына жарамды деп танылды. Ал сол он сегіздің

бірі екенімді естіген кездегі қуанғанымды көрсеңіз... Өзімнің арманым бір табанда болса да жақындап келе жатқанымды түсіндім.

Бізді Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының Ақжардағы оқу базасындағы офицерлер мен келісімшарттың әскери қызметшілері құшақ жая қарсы алып еді. Тіпті, қақпадан еніп, әскери көліктен түскен бізді «Мен қазақпын» деген танымал ән қарсы алған болатын. Осы әуен әлі күнге дейін құлағымнан кетпейді.

Осылайша, әскери өмірдің алғашқы әліппесімен танысып, Әскери Ант қабылдаған соң мамандық игеруге кірістік. Мені аспаздыққа бөлді.

— Дұрыс екен. Ал ата-анаң сенің таңдауыңды қалай қабылдады? Жалпы, жанұяда қанша баласыңдар?

— Менің шешіміме әсіресе анам қатты қуанды. Өйткені, анашым менің әскери мамандықты таңдағанымды өте қалады. Сондықтан, бір жағынан мен өзімнің ғана емес,



өзіме ыстық жанның да арманын орындадым десем де болады. Ал біздің жанұяда мен ұлдан жалғызбын. Әпкем мен екі қарындасым бар.

Осылай деген сарбаздан тағы білгеніміз, ол 9-шы сыныптан бері спорттың «грэпплинг» деген түрімен тұрақты айналысыпты. Тіпті мектепте өткен жарыстарға қатысып, бағын сынаған да көрінеді.

Ал қазіргі қызметі туралы... Сәбитке өзі тап болған «Қарғалы» шекара бөлімшесі қатты ұнаған көрінеді. Соңғы үлгідегі ғимарат. Мұнда қызметке де, қызметтен тыс уақытқа да барлық жағдай жасалған. Ең бастысы, жауынгерлік достық орнаған.

Әрине, шекараны атты немесе жаяу шекара нарядының құрамында өткізеді. Қысқасы, романтика!

P.S. Сұхбатымыз аяқталған соң құрамына біздің сарбаз енген шекара нарядының тау ішіндегі қызметтерін суретке түсірдік. Қуанарлығы, өздерінің қимыл-қозғалыстарына қарап, ел шебінің өміріне бой үйретіп үлгергендері байқалады. Бұл — тамаша. Әсіресе Сәбит үшін!



Бетті әзірлеген әскери журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.

ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ ЫРЫСЫ

Еңбек – адамды адалдық, табандылық, жауапкершілік сияқты қасиеттерге баулып игілікке жеткізеді. Халқымызда «Жұмыстың көзін тапқан, байлықтың өзін табады», – деген нақыл сөз бар. Қай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы, орнықты орындау маңызды.

Осындай қарапайым еңбек адамы біздің ортамызда жұмыс жасап келе жатыр. Өзі ашық-жарқын мінезді, айналасындағы адамдарға көмек қолын аямайтын, әрдайым жақсылық жасауға ұмтылатын қызметкер Ерлан Дүтбаев Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасы «Құйған» шекара бөлімшесінің тракторшысы. Ерлан Құсманұлы туралы айтсақ, ол 1963 жылы Тарбағатай ауданының Ахметбұлақ ауылында дүниеге келген. Қазақстанның 30 жылдығы атындағы мектепте оқып, білім алған. Содан кейін 1981-1983 жылдары әскери борышын өтеп келген, 1984 жылы ауылдық жерлерде әртүрлі жұмыстарды атқарған.

Ерлан Құсманұлы 2009 жылы Зайсан шекара басқармасына жұмысқа кіреді. 2009-2011 жылдары «Жаңаталап» шекара бөлімшесінде от жағушы. 2012-2021 жылдары «Күзеуін» шекара бөлімшесінде тракторшы болып жұмыс істейді. 2021 жылы отбасылық жағдайына байланысты, «Құйған» шекара бөлімшесіне ауыстырылады. Қазіргі кезде осы шекара бөлімшесі жұмысының ілгері басуына өз үлесін қосуда. Техниканы тексеріп, жөндеп, қасындағы екінші тракторшымен шекара аумағының із-бақылау жолағының жерін жыртып, тазалап отырады. Ерлан аға туралы өз араларында «қолы алтын адам» деген тамаша теңеу бар, ол ешқашанда «жоқ, уақытым болмайды» деген сөздерді айтпайды. Осындай жаны жайсаң, өз шаруасына икемді, еңбекқор адамның басшылық тарапынан алған марапаттары да жетерлік.

Ерлан аға 1994 жылы Күлай Қайырбаевамен шаңырақ көтеріп, 1995 жылы ұлды болды. Өкінішке орай, 2020 жылы бұл отбасында қайғылы жағдай орын алды, жалғыз ұлдары Нұрасыл жол апатынан қаза



тапты. Қабырғалары қайысып, жалғыз перзенттерінен айырылған ата-ана есеңгіреп қалды. Өмірдің ауыр соққысын, қиыншылығын бірге көріп келе жатқан жанұя болашақтан үміттерін үзбей, еңбек етуде.

Мемлекеттік шекараның берік күзетілуіне өз үлесін қосып келе жатқан еңбек адамы қай уақытта да сый-құрметке бөленетіні анық. Адал еңбекті қадірлей білейік!



Майор F. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР». Сурет
отбасылық мұрағаттан.

Туған жерге туынды тік!

Қазақ халқы ежелден еңбекті құрмет тұтып, елге қызмет етуді үлкен абырой санаған. Қай заманда болмасын, туған жеріне, Отанына аянбай маңдай терімен адал еңбек еткен азаматтар ерекше сый-құрметке ие болған. Осындай өнегелі тұлғалардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасы «Нұр Жолы» (жүктік) шекаралық бақылау бөлімінің көлік жүргізушісі Амангелді Бектеміров.



Амангелді Базарбайұлы – еңбек жолын жауапкершілікпен атқарып келе жатқан ардақты азамат. Талдықорған облысы Қаратал ауданы Жаңаөмір ауылының тумасы. Кейін ата-анасының қызмет бабына байланысты Панфилов ауданы Үлкен Шыған ауылына қоныс аударып, сол жерде ер жетіп, білім алған. Мектеп қабырғасында тәрбиелі де тәртіпті және еңбекқор оқушы ретінде танылды. Бала кезінен техникаға деген қызығушылығы ерекше болғандықтан, мектептен кейін Панфилов аудандық арнайы политехникалық колледжінде көлік жүргізуші мамандығын игерді.

1988-1990 жылдары Бектеміров Амангелді Базарбайұлы Отан алдындағы борышын Ресей Федерациясының Хабаровск қаласында КСРО Әуе қорғаныс күштерінің әскери

бөлімдерінің бірінде көлік жүргізушісі болып қызмет атқарды. Әскери өмір оны тәртіпке, жауапкершілікке, қиындыққа төтеп беруге үйретті. Әскерден оралған соң, ауылында мамандығы бойынша еңбек етіп, тәжірибесін жетілдірді.

2004 жылы шекарашылар сапындағы еңбек жолын жалғастырды. Он бес жылға жуық Қорғас ауылындағы 2088 әскери бөлімінде көлік жүргізушісі болып қызмет атқарды. Бұл жылдар – оның кәсіби шеберлігі мен адалдығының сыналған кезеңдері болды. Өз міндетін адал орындап, әрқашан өзіне жүктелген тапсырмаларды тиянақты әрі мұқият орындады. 2015 жылы «аға сержант» әскери атағында әскери қызметін абыроймен аяқтады.

Зейнетке шыққаннан кейін де,

туған еліне қызмет етуді тоқтатпай, 2088 әскери бөлімінде қызметші ретінде жұмысын жалғастырды. 2018 жылдың шілде айынан бастап «Нұр Жолы» (жүктік) шекаралық бақылау бөлімінде көлік жүргізуші – кіші бақылаушысы лауазымында қызмет атқаруда. Бүгінгі таңда өзіне жүктелген міндеттерді адал орындап, ел тыныштығын қорғау жолында еңбек етіп келеді.

Амангелді Базарбайұлы – еңбегімен ұжымының мақтанышы ғана емес, сонымен қатар үлгілі отбасы. Ол жары Гүлзирамен екі ұл, екі қыз тәрбиелеп отырған бақытты өке. Балаларына өнегелі тәрбие беріп, оларды да адал еңбек етуге, адамгершілікті ту етуге баулып келеді.

Халқымыз «Еңбек түбі – береке» деп бекер айтпаса керек. Амангелді Базарбайұлының өмір жолы – адал еңбектің, қажырлы қайраттың, жауапкершіліктің айқын көрінісі. Оның қызметі, өмірге деген адалдығы, ұлтжандылығы бүгінгі жас буынға үлгі боларлық. Осындай азаматтар еліміздің алға басуына, халықтың қауіпсіздігіне өз үлесін қосып, шекара қызметінің беделін көтеруге ықпал етуде.

Амангелді Бектеміров ісіне берілген, адалдықты ту еткен жан. Оның тынымсыз еңбегі, шекара қызметіне қосқан үлесі ел алдында мәңгі есте қалары сөзсіз!

Подполковник
М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекаралық
бақылау бөлімінен.

ШЕКАРА – СЕНІМ МЕН АДАЛДЫҚТЫҢ МЕКЕНІ

Саптық жаттығуға арналған әскери плацқа жиналған әскери қызметшілердің көздерінде екі түрлі сезімнің ұшқыны байқалады. Оның бірі қимастық болса, екіншісі құрмет араласқан үнсіздік. Оған себеп, ҚР ҰҚК ШҚ Арнаулы мақсаттағы басқарманың жеке құрамы аға сержант Алма Абсәлямованы құрметті демалысқа шығарып салуға жиналған еді.

Алма Ахметкәрімқызы Семей өңірінде дүниеге келіп, білім жолын медицина саласындағы арнайы колледжден бастаған жан. Ол медбике мамандығын игеріп, адамдарға көмек көрсетуді өмірлік мұраты санады. Алайда, тағдыр оның жолын басқа бағытқа бұрып, әскери өмірге жетеледі. Жас шағында арнайы жасақ жауынгеріне тұрмысқа шығып, әскери қызметтің қызығы мен қиындығын қатар көрді.

Алманың әскери қызметі 2005 жылы ҚР Ұлттық ұланың «Бүркіт» арнайы жасағында басталды. Ол темірдей тәртіп пен берік рухты талап ететін ортада шыңдалып, өз ісіне жауапкершілікпен қарады. Ер мінезді, шыншыл әрі



әділ болғандықтан, әріптестерінің арасында сыйлы болды. Уақыт өте келе, түрлі қызметтерде болып, ұйымдастырушылық қабілеті мен еңбекқорлығын дәлелдеді.

Кадрлық, тәрбиелік және идеологиялық жұмыстар бөлімінде түрлі қызметтерді атқарды. Жауапты лауазым оның бойындағы асыл қасиеттерді одан әрі шыңдай түсті. Ол әрбір шекара сақшысының мәселесіне жанашырлықпен қарады. Әсіресе, тұрғын үй сұрақтарына қатысты құжаттарды сауатты толтыруда әріптестеріне көмек көрсетті. Оның әділдігі мен адалдығы қаруластарының жадында мәңгі сақталатыны анық.

Алма Ахметкәрімқызын зейнеткерлікке салтанатты түрде шығарып салу сәтінде әскери бөлімнің командирі оған зор құрмет көрсетіп, қызметі үшін алғыс білдірді.

Аға сержант Алма Абсәлямова екі қыздың ардақты анасы. Үлкені Айя заңгер болса, кішісі Гүлім Абай атындағы опера және балет театрында балет әртісі болып қызмет етеді. Қыздары да өзі де оқу орындарын қызыл дипломмен аяқтаған терең білімнің иелері. Қандай жауапты қызметте жүрсе де әр жұмыста сабырлық пен еңбекқорлықты ту еткен ол айналасына сонысымен үлгі.

...Салтанатты рәсім аяқталған кезде әскери ұжымына көз тастаған аға сержант Алма Ахметкәрімқызының жүрегі абыроймен аяқталған Отан алдындағы адал қызметіне шексіз ризашылыққа толды. Ол өмірінің елеулі кезеңін шекара сақшыларымен бірге өткізді. Енді басталғалы тұрған жаңа өмірдің парақтарын ұрпақтарымен бірге зейнеткерлікте өткізетін болады.

Көптеген жылдар бойы қызмет еткен қарашаңырақтан құрметті демалысқа аттанып бара жатқан Алманың жүрегінде – қимастық пен қуаныш болса, әріптестерінің көңілінде – қимастық пен ақ тілек!

Подполковник М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Сурет жеке мұрағаттан.

Шекараны мызғымас еткен маман

Мемлекеттік шекарамыздың мызғымас беріктігі шекарашылардың қырағылығымен қатар, инженерлік-техникалық жабдықтардың мінсіз жұмыс істеуіне де байланысты екені белгілі. Сол себепті бұл салада шеберлігі мен жауапкершілігі жоғары мамандардың еңбегі ерекше бағаланады. Осындай білікті мамандардың бірі – Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментінің инженерлік-техникалық қамтамасыз ету тобының шебері, кіші сержант Раджан Секенұлы Мухамедьяров.



бекқорлығы мен қарапайымдылығын ерекше атап өтеді. Оған сұхбат алу үшін хабарласқанымда: «Мен оған лайықпын ба?» – деп, қарапайымдылық танытты. Бірақ ел шебін инженерлік-техникалық тұрғыдан күшейтіп, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген әрбір азаматтың еңбегін дәріптеу – біздің міндетіміз. Кездесуіміз де оның жұмысы барысында өтті. Оның дәлізде қызметтік кабинеттердің бірінің есігіне дабыл жүйесін орнатып жүрген кезі еді. Жұмыстың қызған сәтіне қарамастан, беті-қолы шаң болса да, қолындағы құрал-сайманын қойып, сұхбат беруге бірден келісе кетті.

Қандай қызметте жүрсе де, әр ер азаматтың басты тірегі – отбасы. Раджанның өмірлік серігімен танысуы да тағдырдың бір сыйы болды. Павлодар қаласына досымен бірге тойға келгенде болашақ жарымен танысып, кейіннен отау құрды. Бүгінде олардың шаңырағында екі сүйкімді қыздары – Айлана мен Раяна өсіп келеді.

Шекарамызды мызғымас қалқандай қорғау – ердің ісі, ал оны инженерлік тұрғыдан бекемдеу – шебердің ісі. Осындай жауапкершілігі зор қызметте жүрген Раджан сынды инженер мамандарға ел алғысы шексіз!



Майор Г.САДЫКОВА.
Сурет отбасылық мұрағаттан.

Раджан 1991 жылы 3 шілдеде Ресейдің Приморск өлкесі, Владивосток қаласында дүниеге келген. Техникаға деген қызығушылығы оны 9-сыныптан кейін Алматы қаласындағы техникалық колледжге жетелейді. Сол жерде техник-механик мамандығы бойынша білім алып, өз ісіне деген сүйіспеншілігін еселей түседі.

Отан алдындағы борышын елордамыз Астана қаласындағы 6636 әскери бөлімінде өтейді. Әскери өмір оны темірдей тәртіпке, жоғары жауапкершілікке үйретеді. Еңбек етемін деген адамға «екі қолға бір күрек» әрдайым табылады. Раджан әскерден кейін босқа жүрмей, еңбек жолын қарапайым қызметінен бастайды. Бірақ бұл оның шын арманы емес еді. Әскери өмірге, техникалық салаға деген сүйіспеншілігі оны шекара қызметіне алып келді.

Көп ұзамай, Алматы қаласындағы Шекара қызметінің Академиясына жұмысқа орналасу үшін құжаттарын тапсырып қояды. 11 ай шамасында күтіп, ақыры қызметке қабылданады. Алдымен автожөндеу взводуның жүргізушісі, кейін байланыс және ақпараттық технологиялар бөлімінің технигі ретінде түрлі қызмет атқарады. Ал қазіргі таңда Павлодар облысы бойынша департаментінде инженерлік-техникалық қамтамасыз ету тобының шебері болып, мемлекеттік шекараны инженерлік-техникалық тұрғыдан нығайту ісіне өлшеусіз үлес қосып келеді.

Шекараның техникалық жабдыкталуы – оның беріктігінің көпірі. Осы жүйенің үздіксіз әрі мінсіз жұмыс істеуі кіші сержант Раджан Мухамедьяров секілді Шекара қызметінің білікті инженерлік-техникалық қамтама-

сыз ету тобының мамандарының еңбегі. Раджан өз ісіндегі әріптестерімен бірге жаздың аптап ыстығы, жауын-шашыны секілді табиғаттың түрлі тосын сыйларына қарамастан, шекаралық нысандарды аралап, инженерлік қорғаныс жүйелерін, дабыл кешендерін, бейне бақылау құрылғыларын тексеріп, қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

– Біз шекарадағы қауіпсіздік жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қадағалаймыз. Кез келген ақау – қауіпсіздікке төнген қатер. Сондықтан өз ісімізге өте мұқият қараймыз, – дейді ол. Тынбай атқарған еңбегінің нәтижесі де жоқ емес. Ол 2024 жылғы қызметтік-жауынгерлік іс-қимылдың қорытындысы бойынша «Үздік инженер маманы» номинациясына ие болды.

Раджан туралы әріптестері оның ең-

ҮЗДІК

Медет – департамент мақтанышы



Жүгіру – спорттың бір түрі. Бірақ оны спорт ретінде емес, күнделікті іс ретінде қарауға да болады. Себебі оның да өзіне тән ерекшелігі мен пайдасы бар. Жалпы бұл спорт түрін күйзеліске таптырмас спорт түрі деп те жатады. Шынтуайтында күйзеліс адам денесіндегі көптеген мүшелердің зақымдануына алып келеді, ал жүгіру сергек әрі жадыраңқы жүру үшін берілген бірден-бір мүмкіндік деп бағамдауға болады.

Әскер қатарына алынып, иығыңа поганыңды таққан екенсің сен түрлі-түрлі сынаққа дайын болуың керек. Мұны өнді өзіңнің физикалық түрде емес, моральды түрде білуден басқа амал жоқ. Иә, қызмет өз жолымен, түптеп келгенде өзіңді жеңіске жетелейтін де, құздан төмен құлататын да тапмына – өзіңсің. Әлбетте тапсырмалар мен сынақтар көктен жауған жауындай төпелеген кезде оған қарсы тіке тұратын күш ол әріне – рух. Оны қоректендірген адам ғана жеңіске жетуге лайықты.

Кіші сержант Медет Қалымбетов департамент мақтанышы. ҰҚК Шекара қызметінің қатарында жүргеніне табаны күректей он жылдан асты. Осы уақыт ішінде ол тар жол, тайғақ кешу дегеннің не екенін үтір, нүктесіне дейін түсінген орта буынның белді сержанты.

Медет Нұрланұлы қол бос уақытында спортпен шұғылданғанды жаны сүйеді. Әлбетте бұл спорт түріне ол жайдан-жай адасып келген жоқ. Күндіз-түні қызметте жүретін ол өзінің физикалық түрде емес, моральды түрде шаршайтынын түсініп одан шығар жолды іздеген соң бас бұрды. Басында жүгіру оңай болып көрінгенімен нақты жолға түсе келе ақылмен жүгірудің «пайдалы» екендігін сезіне білді. Осылайша 2020 жылдан бастап 5, 10, 21,5 межедегі белестерді бағындыра білді. Медет Нұрланұлының қоржынында бүгінгі күні «Shymkent Marathon» «Almaty Marathon» «Turkistan Marathon» және «Sportnation.kz» марафондарының медальдары бар.

Үздік сержант осы жылы 42 шақырымдық марафонды бағындыруды жоспарлап отыр. Департамент жеке құрамы үшін бұл бір үлкен белес болмақ. Өзінің әскери қызметі мен спорттық карьерасы туралы үздік сержант аз ғана сұхбат беруге келісті.

– Мерзімді қызметті ҰҚК әскери институтында өткергенмін. Сол кездері біз жас сарбаздар жоғары курс курсанттарымен таңғы жаттығуға шығатын едік. Жап-жас сарбаздың 4-курс курсантынан үйренері көп болатын. Осылайша әскерден соң біржола әскери қызметті өмірлік жолым деп таңдадым. Сержанттық жолға қалыптаса жүріп отбасын да құрдым. Спорттық карьерамды да ыңғайға келтірдім. Қарны салпиган ер адам көрсем намыстанамын, ол өте ұятты жағдай. Өзімнің балаларыма да осы тура жолды дәріптеп, мықты болуға үндеймін, – дейді департамент мақтанышы.

Спорттың бұл түрімен кез-келген жерде және кез келген уақытта шұғылдана беруге болады. Тіпті ауа райы мен тау-тас та сізге кедергі келтіре алмайды. Шекара шебінде қызмет ететін әрбір әскери қызметкер қыбыр еткен бөгде жанды қапсырып ұстауға міндетті ғой. Бастысы тоқтап қалмаңыз. Өйткені қозғалыс өмір екенін естен шығармаған жөн.



Майор Р. НҮПМЕТ,
«OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

КЕЗДЕСУ

ОТАН ҚОРҒАУШЫНЫҢ сенімді тылы

Жуырда ҚР ҰҚК ШҚ Қызметтік кинология басқармасының тәрбие, идеологиялық және кадрлық жұмыстар бөлімінің ұйымдастыруымен әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен кездесу өтті. Өткізілген іс-шара отбасы мүшелерінің әскери қызметтің ерекшелігін жете түсінуіне маңызды қадам болды.

Кездесу барысында Қызметтік кинология басқармасының 2024 жылғы қызметтік әрекет пен әскери тәртіп қорытындысы баяндалып, өмірі мен қызметі жайлы бейнебаян ұсынылды. Қысқаша атап кетсек, өткен жылдың қорытындысы бойынша адам шығынына, жеке құрамның жарақат алуына, оқыс оқиғалар мен қылмыстық құқық бұзушылықтарға жол берілмеді. Сонымен қатар, жүйелі түрде Қазақстан Республикасы басшысының мемлекеттің саяси, экономикалық, әлеуметтік жағдайы туралы халыққа жолдауында көзделген бағдарламалық құжаттары мен қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартудағы шаралары жеткізілді.

Қызметтік кинология басқармасының тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар бөлімінің бастығы полковник Нурманов Нургали, қоғамдық ұйымдармен бірлесе атқарылған жұмыстар жайлы қорытындылап, 2025 жылға кездесулерді жалғастырып, жоспарлы түрде қызмет атқаруға шақырды. Қызметтік кинология басқармасының бастығы подполковник Сайдимаров Рустам әскери қызметшілердің еңбегінің оңай еместігін жеткізіп, халықаралық жарыстар деңгейінде Шекара қызметінің абыройын көтеріп, жүлделі орындарды иелену үшін санқилы дайындық әрекеттерді атап өтті.

Сондай-ақ, кездесу барысында әлеуметтік-тұрмыстық, тұрғын үй және басқа да мәселелер талқыланды. Полковник Нурманов Нургали, жанұя мүшелеріне қазіргі таңда қоғамдағы тұрмыстық заңбұзушылық өзекті мәселеге айналып, әскери қызметшілер тарапынан зорлық-зомбылық әрекеттері орын алып жатқанын және оның мемлекеттік қызметкерге, отансүйгіш азаматқа жат қылық екенін жеткізді. Айтылған барлық ұсыныстар мен ескертулер назарға алынды.

Қызметтік кинология басшылығы кездесуге қатысқан отбасы мүшелеріне әскери қызметшілердің айналысатын қызметтің маңыздылығын түсіндіріп, жұбайларына түсіністікпен қарап, үнемі қолдау көрсетіп отырғандары үшін алғыс білдірді.

Майор Л. МАҚЫТБЕКҚЫЗЫ.
Суретті түсірген автор.

Зерделі жырдың зергері

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің жеке құрамы Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Қадыр Мырза Әлінің 90 жылдық мерейтойына арналған «Зерделі жырдың зергері» атты әдеби-музыкалық кешке қатысты. Бұл шара қазақ әдебиетінің ақиық ақыны Қадыр Мырза Әлінің рухани мұрасын дәріптеуге, оның поэзиясын кеңінен насихаттауға арналды.



Кешке елімізге танымал ақын-жазушылар қатысып, Қадыр поэзиясының маңыздылығын атап өтті. Ақын Ақұштап Бақтыгереева мен Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып өз естеліктерімен бөлісіп, қазақ әдебиетіндегі Қадыр мұрасының өшпес құндылық екенін тілге тиек етті.


Шара барысында Қадыр Мырза Әлінің жүрек тербер жырлары оқылып, оның сөзіне жазылған әндер шырқалды. Ақынның шығармашылығының кеңдігі мен тереңдігі, әр өлеңінің ұлттық рух пен тағылымға толы екендігі тағы бір мәрте айқындалды. Әдеби кештің көркін қыздырған әндер қатарында «Тамды аруы», «Жар», «Қазақ осы»



сында халықтың жүрегінен орын алған туындылар орындалды.

Сонымен қатар, жиналған қауым ақын шығармашылығына арналған арнайы кітап көрмесін тамашалады. Бұл көрме Қадыр Мырза Әлінің мол мұрасын жинақтап, оқырмандарға кеңінен таныстыру мақсатында ұйымдастырылған болатын.

Кеш соңында қазақ му-



зыкасының классигі Ескендір Хасанғалиевтің Қадыр Мырза Әлінің сөзіне жазылған «Атамекен» әні орындалып, шараның рухани шырайын аша түсті. Әдеби-музыкалық кеш жиналған қауымға ерекше әсер қалдырып, қазақ поэзиясының ұлылығын тағы бір мәрте сезіндірді.

Қадыр Мырза Әлі – қазақ сөз өнерінің баға жетпес мұрасы. Оның өлеңдері мен философиялық ойлары әлі де талай ұрпақтың санасын сәулелендіріп, қазақ руханиятының алтын діңгегі болып қала бермек.

**Подполковник
М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».**
Суреттерді түсірген автор.

АКЦИЯ

«Мен донормын»



Қан донорлығы – бұл көптеген адамдарға қолжетімді қайырымдылық түрі және донорлық қан адамдардың өміріне араша бола алады. Шекарашылар қауымы ерікті өтеусіз қан тапсыру акциясының өте маңызды екендігін түсінеді.

Алдыңғы аптада ҚР ҰҚК ШҚ Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің әскери қызметшілері қанға мұқтаж жандарға көмектесу арқылы акцияға қатысты. «Мен донормын» акциясы Шығыс Қазақстан облыстық қан орталығымен бірлесіп өтті. Бұл күні 50 шекарашы игілікті іс жасап, донор болды. Келешекте бұл іс-шара дәстүрге айналуы мүмкін, осылайша донорлық қозғалыстың дамуына ықпал етері анық.

Донорлық – бұл игі іс қана емес, сонымен қатар қоғам үшін үлгі. Іс-шара соңында дәрігерлер қан тапсырушыларға осындай игілікті істі қолдағаны үшін алғыс айтып, акция барысында тапсырылған қан басқа да медициналық мекемелердегі науқастардың өмірін сақтап қалуға көмектесетіндіктерін айтып өтті.

Майор Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің мекенжайына материалдық көмек көрсету қажеттілігі туралы ҰҚО келесі әскери қызметшілерінің баянаттары келіп түсті:

1) ҰҚК Шымкент қаласы бойынша департаментінің қызметкері Ұ.қ. подполковнигі Куандықов Еркебулан Жунисбаевичтің жолдасы Л.М.Медеу, (1986 ж.т.) «Бас миының бағанасының ишемиялық инсульті, гемодинамикалық түрі, ауыр жағдай. Оң жақты гемипарез, дизартрия. Бүйректің созылмалы ауруы 5 саты. Тубулоинтерстициалды нефрит. Симптоматикалық гипертензия» диагнозы қойылып, қазіргі таңда «Асем медикал» клиникасында ем қабылдауда. Денсаулық жағдайы орташа ауыр. 2024 жылдың қараша айынан бері әр сәрсенбі сайын «Премиум» диализдік орталығында гемодиализ қабылдайды. Денсаулық жағдайын жақсарту үшін, 63 295 евро тұратын Белорусь Республикасында жасайтын «бүйрек трансплантологиясы» қажет.

Отбасы мен жақын туыстарының туындап отырған мәселені өз бетінше шешуге қаржылық мүмкіндіктері жоқ.

Алушының шоты:
«Халық банк – 4003 0351 0255 2853,
Каспий банк – 4400 4302 5015 4033,
тел. 8708-857-51-12 Еркебулан К.,
байланыс үшін – Медеу Лаура Медеуқызы,
Халық банк – 4405 6397 6525 2505,
Каспий банк – KZ60 722C 0000 2812 0638,
тел. 8-705-151-27-86.

2) ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің әскери қызметшісі кіші сержант Мейрембеков Артем Маликовичтің ұлы - Маликов Абдукерим Артемовичке (31.12.2006ж.т.) «Идиопатическая тромбоцитопеническая пурпура тяжелое течение, влажная форма, осложнение», «Системное заболевание, при котором понижаются кровяные элементы (тромбоциты), за счет этого увеличивается время свертываемости крови» диагнозы қойылып, қазіргі уақытта мамандандырылған ем қабылдау, сонымен қатар емделуге белгіленген дәрілерін алу қажеттігі туындауда. Қазіргі уақытта қабылдап жүрген және қабылдайтын дәрілері:

1) Револейд 50 мг, Великобританияда өндірілген – 2 таблетка, 2 уақыт, күніне (бағасы 700 000 теңге);

2) Сафакат Плюс (софосбувир+велпатасвир), Индияда өндірілген – 1 таблетка 2 уақыт күніне (бағасы 420 000 теңге);

3) Рибавирин – 3 таблеткадан 2 уақыт күніне (бағасы – 417 000 теңге);

4) Биовен 10% (Украина) немесе Панзига, 100 мл – 3 аптада 1 уақыт үздіксіз 3 күн (бағасы 620 000 теңге).

Орташа есеппен алғанда бір айға 2 157 000 теңге көлемінде қаржы шығады. Осы уақытқа дейін аудандық аурухана дәрі-дәрмекпен көмек беріп келген. Бірақ дәрілердің қымбат болуына байланысты орын алмастырушы дәрі ұсынған, ол дәрі балаға жақпай аллергия туындатуда. Дәрілердің қымбат болуына байланысты Аудандық аурухана әрі қарай қамтамасыз етуден бас тартып отыр.

Жұбайы Мейрембекова Гульзадам Сайдуллаевна 1 типті қант диабетімен ауырады.

Отбасы мен жақын туыстарының туындап отырған мәселені өз бетінше шешуге қаржылық мүмкіндіктері жоқ.

Алушының шоты: «KASPI BANK» - KZ26722C000041844713, HALIK BANK» - KZ96010002001782, ИИН – 841018401022; тел. + 7-702-518-96-93 Гульзадам М.

3) ҰҚК Шекара қызметі «Астана» шекаралық бақылау басқармасының әскери қызметшісі лейтенант Нуралем Анарбекович Аманжоловтың баласы – Айару Нуралемқызы Анарбекке «G-80.2 Спастический церебральный паралич, гемиплегия ЦП, левосторонний гемипарез форма, средней степени тяжести» диагнозы қойылған.

2025 жылдың ақпан айында Өзбекстан мемлекеті, Ташкент қаласына емделуге апару жоспарланған. Емдеу үшін 950 000 теңге қаражат қажет. Қазіргі таңда отбасы мен жақын туыстарының туындап отырған мәселені өз бетінше шешуге қаржылық мүмкіндіктері жоқ.

Алушының шоты:
«Kaspi» - 4400 4302 4295 3054,
тел.: 8-705-295-10-42 Нуралем А.
Номер счета карты (IBAN)-KZ88722C000016342006;
«Халық Банк» - 4003 0351 9909 2847,
тел.: 8-705-295-10-42 Нуралем А.,
KZ406010002053624242.

Баяндалғанды ескере отырып, ұсынылған реквизиттерге сәйкес көрсетілген әскери қызметшілерге ерікті түрде материалдық көмек көрсету мәселесін қарастыру қажет.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті

Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі

Редакцияның мекенжайы:

Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63 үй.

Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38

Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57

Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56

E-mail: smi_pogran@mail.ru

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:

gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев

Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин

Тілшілер: Азамат Мұханов,

Олжас Жақсылықов

Аймақтық тілшілер:

Алматы - Тамара Дәулетбаева

Атырау - Бауыржан Қожантай

Ақтау - Асхат Жаналипов

Ақтөбе - Жасұлан Шармаков

Жетісу - Манарбек Қаркенов

Жамбыл - Асыллан Жексенбин

Шымкент - Рауан Нұрмет

Қызылорда - Әкімжан Төлебай

Өскемен - Ғалымжан Бакетов

Семей - Ердіс Қайытай

Петропавл - Динара Утебаева

Павлодар - Гүлзада Садыкова

Қостанай - Нұрасыл Саiken

Орал - Айжан Көлбай

Фототілшілер: Аян Қайыр,

Өмірбат Айтәлі

Компьютерлік безендіру және беттеуші:

Нұрхан Кабдулов

Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова

Нөмірдің кезекші редакторлары:

Ж. Кемел, А. Киргизбаев

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды

және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы

даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.

Газетті есепке қою туралы № 1394-г куәлікті

2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық

келісім министрлігі берген.

Газет "OS-ЧР" Әскери-патриоттық қызмет

басқармасында теріліп, беттелді.

